

"Азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдарды аудару қағидалары мен олардың нормативін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 447 бүйріғына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 211 бүйріғы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2021 жылғы 11 мамырда № 22709 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 24 наурыздағы № 177 бүйріғымен.

Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.03.2023 № 177 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдарды аудару қағидалары мен олардың нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 447 бүйріғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18928 болып тіркелген, 2019 жылғы 4 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйріқпен бекітілген Азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдарды аудару қағидалары мен олардың нормативінде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударым нормативі аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің иелігінде қалған таза кіріс бөлігінің он пайызынан кем емес соманы құрайды, бірақ болашақ кезеңдердің кірісі деп танылатын азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге аударымдардың пайдаланылмаған сомасының қалдығын ескере отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның даму жоспарында көрсетілген сомадан артық емес.".

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунینен кейін күнтізбелік он қүн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрі*

Б. Атамкулов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК